

Екібастұз қалалық мәслихатының (V шақырылған кезекті XXX сессия) 2014 жылғы 19 маусымдағы "Екібастұз қаласы Құдайкөл ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы" № 236/30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2014 жылғы 23 қыркүйектегі № 266/32 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 09 қазанда № 4096 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 2020 жылғы 21 тамыздағы № 451/57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Екібастұз қалалық мәслихатының 21.08.2020 № 451/57 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 Қаулысымен бекітілген Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларына сәйкес, Екібастұз қалалық мәслихаты

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Екібастұз қалалық мәслихатының (V шақырылған кезекті XXX сессия) 2014 жылғы 19 маусымдағы "Екібастұз қаласы Құдайкөл ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы" № 236/30 шешіміне (бұдан әрі - шешім) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3881 болып тіркелген, 2014 жылғы 7 тамыздағы № 31 "Отарқа" газетінде, 2014 жылғы 7 тамыздағы № 31 "Голос Экибастуза" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің 2-тармағындағы "сайлаушыларының" сөзі "ауыл тұрғындарының" сөздерімен ауыстырылсын;

көрсетілген шешіммен бекітілген Екібастұз қаласы Құдайкөл ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу қағидаларының 1-тармағындағы:

"және жергілікті қоғамдастық жиындарына қатысу үшін ауыл тұрғындары өкілдерінің санын белгілеу" сөздер алынып тасталсын;

"ауыл" сөзі "ауылдар" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Екібастұз қалалық мәслихатының азаматтардың құқықтарын және заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я

т ө р а ғ а с ы

В . Ф .

Е г е р

Қалалық мәслихат хатшысы Б.Қ. Құспеков